

Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізуді реттеу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қыркүйектегі № 1081 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізуді реттеу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда вице-министрі Тимур Мұратұлы Сүлейменовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізуді реттеу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 1

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 1 0 8 1

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына келісім жеткізуді реттеу туралы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Украина Үкіметі,

«Кеден одағының бірыңғай кеден аумағында, оларды қайта қарау нәтижелері бойынша Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде қолданылатын демпингке қарсы және арнайы қорғау шараларын қолдану туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 648 шешімін ескере отырып,

Кеден одағы шеңберінде жасалған 2010 жылғы 19 қарашадағы Өтпелі кезең ішінде арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану тәртібі туралы

келісімге сәйкес өткізілген жалпы мақсаттағы обсад, сорғы-компрессорлық, мұнай, газ және ыстық күйінде деформацияланған құбырлар импортына қатысты қолданыстағы демпингке қарсы шараларды қайта қарау (бұдан әрі – Қайта қарау) нәтижелерін ескере отырып және осы Келісімнің ережелерін назарға ала отырып,

Кеден одағы шеңберінде жасалған 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы келісімнің ережелерін назарға ала отырып,

2005 жылғы 13 қаңтардағы Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі мен Украинаның Экономика министрлігі арасындағы Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Ресей Федерациясының кеден аумағына жеткізуді реттеу туралы келісімді назарға ала отырып,

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына болат құбырлардың кейбір түрлерін жеткізуге қатысты ерікті міндеттемелерге Украина Тарапының дайындығын мойындай отырып, өзара сауданың тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етуге ниет білдіре

о т ы р ы п ,

сондай-ақ 1993 жылғы 24 маусымдағы Ресей Федерациясының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің 3-бабының ережелерін назарға ала отырып ,

1992 жылғы 17 желтоқсандағы Беларусь Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің 3-бабының ережелерін назарға ала о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1810 қаулысымен.

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар пайдаланылады:

компания - құбыр өнімінің мынадай:

«ИНТЕРПАЙП Нико Тьюб» ЖШҚ;

«ИНТЕРПАЙП Нижнеднепровский трубопрокатный завод» ААҚ;

«ИНТЕРПАЙП Новомосковский трубный завод» ААҚ;

«Сентравис Продакшн Юкрейн» ЖАҚ

немесе олардың құқық мирасқорлары, бұл жерде және бұдан әрі барлығы «Компания» немесе әрқайсысы бөлек-бөлек «Компания» деп аталатын украиналық өндірушілердің бірі;

тауар - компаниялар өндіретін және осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген құбыр өнімдерінің жекелеген түрлері;

Кеден одағының уәкілетті органы – 2011 жылғы 19 мамырдағы ЕурАзЭҚ

Мемлекетаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) № 85 шешіміне сәйкес Кеден одағының Комиссиясы белгілейтін орган.

2-бап

1. Қайта қарау нәтижелері бойынша демпингке қарсы баждар Украина Тарапының тауарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарына жеткізуді шектеу жөнінде ерікті міндеттемелер қабылдауына байланысты компаниялар шығарған тауарды жеткізуге қатысты қ о л д а н ы л м а й д ы .

2. Тауарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарына жеткізу осы Келісімнің 2-қосымшасында белгіленген к ө л е м д е жү з е г е а с а д ы .

3. Қандай да бір бұйымның, сондай-ақ Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарында баламалары жоқ болатын және (немесе) ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар шеңберінде шығарылатын тауардың жинақтаушылары немесе қосалқы бөлшектері болып табылатын Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарында қайта өңдеу мақсатында қорғаныс өнеркәсібі салалары жөніндегі келісімдер шеңберінде, үшінші елдерде нысандар салу туралы келісімдер шеңберінде тауарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарына әкелу Тараптардың жеке уағдаластықтар негізінде осы Келісімге 2-қосымшада белгіленген квотадан тыс жүзеге асырылады.

3-бап

1. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарына компаниялар шығарған тауарды жеткізуге тауар өндіруші компания берген тауардың межеленген елі туралы белгісі бар өндіруші сертификаты (бұдан әрі – Сертификат) қоса беріледі.

2. Сертификаттарды тауардың әрбір партиясына Компаниялар осы Келісімнің 2-қосымшасында белгіленген квоталар шеңберінде береді.

3. Сертификат нысаны осы Келісімнің 3-қосымшасында берілген.

4. Компаниялар шығарған тауарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарына әкелуге Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы кеден органдарына тауарды Украина аумағында кедендік ресімдеу туралы куәландырушы Украина кеден органдарының белгілері бар Сертификатты ұсынған жағдайда оны осы аумақтардың әрқайсысынан әкету туралы міндеттемелерсіз рұқсат етіледі.

5. Сертификаттың түпнұсқасы кедендік декларациямен бірге Беларусь

Республикасының, Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының кеден органына беріледі.

Сертификатты Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының кеден органы мынадай: сертификаттың нысаны осы Келісімнің 3-қосымшасында көзделген нысанға сәйкес келмейтін;

сертификатта көрсетілген мәліметтер кедендік декларацияда айтылғандарға сәйкес келмейтін немесе тауарды бір мәнді сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік бермейтін; ұсынылған сертификатта компания растамаған түзетулер (тазартулар) және/немесе толықтырулар болған;

ұсынылған сертификатта Украинаның кеден органының тауардың Украина аумағында кедендік ресімделгендігін растайтын белгісі болмаған жағдайларда осы Баптың 4-тармағында көзделген мақсаттар үшін жарамсыз деп таныуы мүмкін.

Сертификат Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының не Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес кеден органдарының мұрағатында сақталуға жатады.

Егер сертификат тауардың шығарылатын күніне дейін жарамсыз деп танылған жағдайда, ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсімдеріне сәйкес тауар Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының аумағынан дереу шығаруға жатады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2011 № 1642 қаулысымен.

4-бап

1. Компаниялар кезекті тоқсан аяқталғаннан кейін 30 күннен кешіктірмейтін мерзімде Кеден одағының уәкілетті органына кесте нысанында осы Келісімнің 3-қосымшасында көзделген ақпаратты қамтитын деректерді (жазбаша нысанда және электронды пошта арқылы) ұсынады.

2. Осы Келісім шеңберінде алынған ақпарат құпия болып табылады. Кеден одағының уәкілетті органы 2008 жылғы 25 қаңтардағы Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы келісімге сәйкес осындай ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Кеден одағының уәкілетті органынан жазбаша сұрау салуды алғаннан кейін 30 күн ішінде, осы Келісімнің 2-қосымшасында белгіленген квотаны Компаниялардың пайдалану көлемін көрсететін экспорттық статистиканы Кеден одағының уәкілетті органы сұрата алады, ал Украина Тарапы ұсынады.

4. Беларусь, Қазақстан және Ресей Тараптары квота белгіленген тиісті кезең

басталғанға дейін осы Келісімнің 2-қосымшасында белгіленген компаниялар шығарған тауарға арналған квота көлемі туралы Кеден одағының уәкілетті органын хабардар етеді.

5-бап

1. Осы Келісімнің қолданысын Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарына әкелінетін тауарға қатысты осы Келісімнің 7-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған сәттен бастап осы Келісімнің қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке белгіленген демпингке қ а р с ы б а ж д а р қ о л д а н ы л а д ы .

2. Тараптар осы Келісімді бұзу туралы бір-бірін, сондай-ақ Кеден одағының уәкілетті органын хабардар етеді. Осы Келісімнің мақсаттары үшін бұзушылық осы Келісімнің 4-бабының 1-тармағына сәйкес тоқсан сайынғы есепті ұсынбаудан көрінетін не осы Келісімнің 2-қосымшасында белгіленген квотаны Тараптардың кеден органдары растаған артуына әкеп соққан Компанияның немесе компаниялардың осы Келісімнің ережелерін орындамау фактісін білдіреді.

Компания немесе компаниялар осы Келісімнің ережелерін сақтамай, және нәтижесінде осы Келісімді бұзу орын алған жағдайда, ал осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында көзделген Тараптардың консультациялары өзара қолайлы шешімге әкелмесе, тауарға қатысты Қайта қарау нәтижелері бойынша белгіленген демпингке қ а р с ы б а ж қ о л д а н ы л а д ы .

Компаниялардың бірі осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда, оған Кеден одағының уәкілетті органына осындай бұзушылыққа байланысты жазбаша түсініктеме б е р у м ү м к і н д і г і б е р і л е д і .

3. Беларусь, Қазақстан және Ресей Тараптары тауарға қатысты кеден заңнамасында және осы тармақта айтылған Тараптар мемлекеттерінің сыртқы сауда қызметі туралы заңнамасында көзделмеген қандай да бір шектеулерді немесе талаптарды қолданудан т а р т ы н а д ы .

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген арнайы шектеулер немесе талаптар қолданылған жағдайда, Тараптар осы Келісімнің шарттарын орындауды толық көлемде қайта жаңарту үшін 60 күнге дейінгі мерзімде барлық қажетті іс-қимылды қолданады.

6-бап

1. Компанияның құқықтық мирасқорлары пайда болған немесе олардың атауы өзгерген жағдайда Украина Тарапы бұл туралы Беларусь, Қазақстан, Ресей Тараптарын және Кеден одағының уәкілетті органын құқықтың мирасқорлық фактісі тіркелген (басталған) немесе компаниялар атауының өзгеруі тіркелген күнінен бастап 10 күн

ішінде нысанда жазбаша хабардар етеді.

2. Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі, оларды Тараптар Тараптардың бірінің жазбаша сұрау салу күнінен бастап 10 күн ішінде ұйымдастыруы т и і с .

3. Қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды.

4. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша енгізіледі және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Аталған өзгерістер мен толықтырулар хаттамалармен ресімделеді. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтыруларды Украина Тарапы компаниялармен келіседі.

5. Осы Келісім еш уақытта басқа Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының аумақтарына құбыр өнімдерін жеткізуге қатысты халықаралық келісімдер жасасу жолымен украиналық өзге құбыр өндірушілердің ерікті міндеттемелер қабылдауға құқықтарын қозғамайды.

6. Тараптар осы Келісімнің қолданылу кезеңінде осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын компаниялар шығарған тауарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының аумақтарына жеткізу Кеден одағының экономика салаларына залал келтірмейтінімен келіседі.

7-бап

1. Қазақстан және Украина Тараптары үшін осы Келісім 2011 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енеді. Беларусь және Ресей Тараптары үшін осы Келісім 2011 жылғы 1 қазаннан бастап уақытша қолданылады әрі Беларусь және Ресей Тараптарының осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы Тараптарға хабарландыру жіберген күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісім 2013 жылғы 30 маусымды қоса алғанға дейін қолданылады.

2. Осы Келісімнің қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Украина Тарапы Беларусь, Қазақстан және Ресей Тараптарынан жазбаша хабарламалар алғаннан кейін немесе Беларусь, Қазақстан және Ресей Тараптары Украина Тарапынан жазбаша хабарлама алғаннан кейін осы Келісімнің қолданысы 90 күннен кейін тоқтатылуы м ү м к і н .

3. Ресей және Украина Тараптары үшін осы Келісім күшіне енген күннен бастап 2005 жылғы 13 қаңтардағы Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі мен Украинаның Экономика министрлігі арасындағы Ресей Федерациясының кеден аумағына Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін жеткізуді реттеу туралы келісім өз қолданысын тоқтатады.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2011 № 1642; 29.12.2012 № 1810 қаулыларымен.

2011 жылғы «__» _____ қаласында орыс тілінде төрт данада жасалды.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>	<i>Украина</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>	<i>Үкіметі</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>үшін</i>
<i>(қолы)</i>	<i>(қолы)</i>	<i>(қолы)</i>	<i>(қолы)</i>

Украинада кейбір Қазақстан Федерациясының реттеу 1-қосымша

шығарылатын түрлерін Республикасының аумағына келісімге

Болат және Ресей Республикасының, жеткізуді

Құбыр өнімінің тізбесі¹

1-кесте

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2011 № 1642 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2012 № 1810 қаулысымен.

Тауардың сипаттамасы:	КО СЭҚ ТН кодтары				СЭҚ УТЖ кодтары			
1	2				3			
Мұнай және газ құбырларына арналған құбырлар:	7304	11	000	1				
	7304	11	000	2				
	7304	11	000	3				
	7304	11	000	4	7304	11	00	10
	7304	11	000	8	7304	11	00	90
	7304	19	100	1	7304	19	10	10
	7304	19	100	2	7304	19	10	90
	7304	19	100	9	7304	19	30	10
	7304	19	300	1	7304	19	30	90
	7304	19	300	2	7304	19	90	10
	7304	19	300	9	7304	19	90	90
	7304	19	900	1				
	7304	19	900	2				
		7304 19 900 9						
Обсад, сорғы-компрессор және бұрғылау құбырлары:	7304	22	000	1				
	7304	22	000	2				
	7304	22	000	9				
	7304	23	000	1				
	7304	23	000	2				
	7304	23	000	9				
	7304	24	000	1				
	7304	24	000	2				
	7304	24	000	3				
	7304	24	000	4	7304	22	00	00
	7304	24	000	5	7304	23	00	00
	7304	24	000	6	7304	24	00	00
	7304	24	000	9				
7304	29	100	1					

	7304	29	100	2	7304	29	10	00
	7304	29	100	3	7304	29	30	00
	7304	29	100	9	7304 29 90 00			
	7304	29	300	1				
	7304	29	300	2				
	7304	29	300	3				
	7304	29	300	4				
	7304	29	300	9				
	7304	29	900	1				
	7304 29 900 9							
Суықтай күйінде деформацияланған, прецизиялық, шойынды құймадан жасалған, жіксіз құбырлар:	7304	31	200	1				
	7304	31	200	9	7304	31	20	00
	7304	31	800	0	7304	31	80	10
	7304	51	120	0	7304	31	80	90
	7304	51	180	1	7304	51	12	00
	7304	51	180	9	7304	51	18	00
	7304	51	810	0	7304 51 89 00			
7304 51 890 0								
Ыстықтай күйінде деформацияланған, шойынды құймадан жасалған, жіксіз құбырлар:					7304	39	92	10
					7304	39	92	90
	7304	39	920	0	7304	39	93	10
	7304	39	930	0	7304	39	93	90
	7304	59	320	0	7304	59	32	00
	7304	59	380	0	7304	59	38	00
	7304	59	920	0	7304	59	92	10
					7304	59	92	90
					7304	59	93	10
7304 59 930 0					7304 59 93 90			
Дәнекерленген құбырлар:					7305	11	00	10
					7305	11	00	90
					7305	12	00	10
					7305	12	00	90
					7305	19	00	00
	7305	11	000	1	7305	20	00	00
	7305	11	000	2	7305	31	00	10
	7305	11	000	3	7305	31	00	90
	7305	11	000	4	7305	39	00	10
	7305	11	000	8	7305	39	00	90
	7305	12	000	1	7305	90	00	00
	7305	12	000	9	7306	11	10	10
	7305	19	000	0	7306	11	10	90
	7305	20	000	1	7306	11	90	10
	7305	20	000	9	7306	11	90	90
	7305	31	000	0	7306	19	11	10
	7305	39	000	0	7306	19	11	90
	7305	90	000	0	7306	19	19	10
	7306	11	100	0	7306	19	19	90
	7306	11	900	0	7306	19	90	10
	7306	19	100	0	7306	19	90	90
	7306	19	900	0	7306	21	00	00
	7306	21	000	0	7306	29	00	00
7306	29	000	0	7306	30	11	00	
7306	30	110	0	7306	30	19	00	

	7306	30	190	0	7306	30	41	10
	7306	30	410	0	7306	30	41	90
	7306	30	490	0	7306	30	49	10
	7306	30	720	0	7306	30	49	90
	7306	30	770	1	7306	30	72	10
	7306	30	770	9	7306	30	72	90
	7306	30	800	0	7306	30	77	10
	7306	40	200	1	7306	30	77	90
	7306	40	200	9	7306	30	80	10
	7306	40	800	1	7306	30	80	90
	7306	40	800	9	7306	40	20	10
	7306	50	200	0	7306	40	20	90
	7306	50	800	0	7306	40	80	10
	7306	61	100	0	7306	40	80	90
	7306	61	920	0	7306	50	20	00
	7306	61	990	0	7306	50	80	10
	7306	69	100	0	7306	50	80	90
	7306 69 900 0				7306	61	11	00
					7306	61	19	00
					7306	61	91	00
					7306	61	99	00
					7306	69	10	00
					7306 69 90 00			
Басқалары:	7304	31	800	0	7304	39	10	00
	7304	39	100	0	7304	39	30	00
	7304	39	520	0	7304	39	52	10
	7304	39	580	0	7304	39	52	90
	7304	39	920	0	7304	39	58	10
	7304	39	980	0	7304	39	58	90
	7304	41	000	1	7304	39	99	10
	7304	41	000	9	7304	39	99	90
	7304	49	100	0	7304	41	00	10
	7304	49	930	1	7304	41	00	90
	7304	49	930	9	7304	49	10	00
	7304	49	950	1	7304	49	92	10
	7304	49	950	9	7304	49	92	90
	7304	49	990	0	7304	49	99	10
	7304	51	890	0	7304	49	99	90
	7304	59	100	0	7304	51	81	00
	7304	59	920	0	7304	59	10	00
	7304	59	930	0	7304	59	99	10
	7304	59	990	0	7304	59	99	90
	7304	90	000	0	7304	90	00	00
	7306	90	000	1	7306 90 00 00			
	7306 90 000 9							

Е с к е р т п е :

¹Осы Келісімді қолдану мақсаты үшін КО СЭҚ ТН және СЭҚ УТЖ сәйкес тек тауарлар коды ғана қолданылады. Тауардың сипаттамасы пайдалануға қолайлы болу үшін келтірілген.

Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының,

Қазақстан Республикасының және Ресей
Федерациясының аумағына жеткізуді
реттеу туралы келісімге
2-қосымша

2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде тауар жеткізу көлемі туралы

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2011 № 1642;
29.12.2012 № 1810 қаулыларымен.

2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде тауарды жеткізу көлемі туралы

Т а у а р :

– Беларусь Республикасының аумағына 2011 жылғы 1 қазаннан бастап 18 мың
т о н н а к ө л е м і н д е ,

– Қазақстан Республикасының аумағына 2011 жылғы 1 қазаннан бастап 14 мың
т о н н а к ө л е м і н д е ,

- Ресей Федерациясының аумағына 2005 жылғы 13 қаңтардағы Ресей
Федерациясының Экономикалық даму министрлігі мен Украинаның Экономика
министрлігі арасындағы Ресей Федерациясының кеден аумағына Украинадан
шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін жеткізуді реттеу туралы келісімнің
қолданысы шеңберінде 2011 жылы жүзеге асырылған жеткізулерді ескере отырып 300
мың тонна көлемінде жеткізіледі.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде тауарларды жеткізу көлемі туралы

Тауар 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы
к е з е ñ д е :

Беларусь Республикасының аумағына 72 мың тонна көлемінде,
Қазақстан Республикасының аумағына 42 мың тонна көлемінде жеткізіледі.
2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде
тауар Ресей Федерациясының аумағына 150 мың тонна көлемінде жеткізіледі. 2012
жылғы 1 шілдеден бастап 2012 жылғы 31 желтоқсан аралығында тауарды Ресей
Федерациясының аумағына жеткізу көлемі 2012 жылғы бірінші жартыжылдықтағы
консультациялардың қорытындылары бойынша анықталады.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде тауарларды жеткізу көлемі туралы

Тауар 2013 жылғы 1 қаңтардан 2013 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде:
 Беларусь Республикасының аумағына 35 мың тонна көлемінде,
 Қазақстан Республикасының аумағына 16 мың тонна көлемінде,
 Ресей Федерациясының аумағына 120 мың тонна көлемінде жеткізіледі.

Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізуді реттеу туралы келісімге
 3-қосымша

Өндіруші сертификатының нысаны

1 Виробник (найменування, адреса, номери телефонів, факсу) Өндіруші (атауы, толық мекенжайы, телефоны, факсы)	ТҮПНҰСҚАСЫ/ КӨШІРМЕСІ ОРИГІНАЛ/КОПІЯ	2 №
3 Экспортер (найменування, адреса, номери телефонів, факсу) Экспорттаушы (атауы, толық мекенжайы, байланыс телефоны, факсы)	СЕРТИФІКАТ ВИРОБНИКА/ ӨНДРҮШ СЕРТИФІКАТЫ	
4 Імпорттер (найменування, адреса, номери телефонів, факсу) Імпорттаушы (атауы, толық мекенжайы, байланыс телефоны, факсы)	5 Крауна призначення/Межеленген атауы	
	6 Інвойс (номер, дата) / Инвойс (нөмірі, мерзімі)	
	7 Код УКТ ЗЕД СЭҚ УТЖ коды	8 № Товарно-транспортноу накладноу 8 Тауар-көлік жүкқұжаттың №
9 Опис товару, інші примітки / Тауар сипаттамасы, басқа ескертулер	10. Саны (нетто) (тонналар)	
<p>1 1</p> <p>Я, що підписався нижче, підтверджую, що продаж на експорт в Республіку Білорусь / Республіку Казахстан / Російську Федерацію* товарів, перелічених в цьому сертифікаті, здійснюється в межах об'єму, звільненого від антидемпінгового мита при імпорті на єдину митну територію Митного союзу, що визначено в Угоді про регулювання поставок деяких видів сталевих труб, походженням з України, на територію Республіки Білорусь, Республіки Казахстан та Російської Федерації. Я заявляю, що інформація, яку містить даний сертифікат, повна та т о ч н а .</p> <p>Мен, төмендегі қол қойған, Беларусь Республикасына/ Қазақстан Республикасына/Ресей Федерациясына* осы сертификатта аталған тауарларды экспортқа сату Украинадан шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізуді реттеу туралы Келісімде айқындалған Кеден одағының бірыңғай кеден аумағына импорттау кезінде демпингке қарсы баждан босатылған көлем шеңберінде жасалатынын растаймын. Мен осы сертификатта көрсетілген ақпарат толық және дұрыс екенін растаймын.</p> <p>(дата/күні) -----</p>		

(Підпис/Қолы)	(Печатка/Мөр)	Дійсний 90 днів
90 күнге жарамды		
12 Місце для використання компетентними органами Республіки Білорусь / Республіки Казахстан / Російською Ф е д е р а ц і ю Беларусь Республикасының/ Қазақстан Республикасының/Ресей Федерациясының құзыретті органдары пайдалануға арналған орын	/	13 Місце для використання компетентними органами У к р а ї н и / Украинаның құзыретті органдары пайдалануға арналған орын

*11-бағанда оның аумағына тауар әкелінетін Кеден одағына мүше мемлекеттің мүшелерінің бірін көрсету міндетті болып табылады.

Украинада шығарылатын болат құбырлардың кейбір түрлерін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізуді реттеу туралы келісімге
4-қосымша

1. Тауарды Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумағына жеткізу туралы есеп

Ақпарат Кеден одағының уәкілетті органына мынадай форматта ұсынылатын болады:

№	Межеленген елі	Экспорттаушының деректемелері реквизиттері	Импорттаушының деректемелері	Сертификат №	Сертификат күні	Тауар көлемі (тонна)	СЭҚ УТЖ коды

2. Ақпаратты ұсыну

1-бөлімде сипатталған ақпаратты қамтитын файлдар Microsoft Excel форматында ұсынылуы тиіс. Excel форматындағы файлдар америкалық немесе еуропалық нұсқаларға сәйкес келуі тиіс. Компаниялар есептерді дайындау үшін басқа бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана алады, бірақ деректерді сақтау үшін «EXCEL файл сияқты сақтау» функциясын пайдаланатын болады.